

Абай 1890 жылғы «Кейде есер көңіл құрғырың» деп басталатын өлеңінде осылай деген-ді. Бірақ, өлеңдегі әйгілі жол тәуелсіздік жылдары «Махаббатсыз дүние – дос» делініп өзгертіле бастады. Мысалға 1995 жылғы Абайдың екі томдық толық жинағында «бос» сөзі «досқа» ауысты. Өлеңнің өзегі, идеясы мүлдем басқаша сипат алды. Қысқасы, Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхаметханов бастатқан абайтанушы ғалымдар дұрыс деп білген, құп көрген өлең жолы бұрмаланып басылуда. Оның себептері неде? Төменде осыны қаузамақпын.

Таяуда маған уатсаппен бір мақала келген еді. «Абай, «дүние дос» және кавер-версия» деген. Біртүрлі ат қойылған мақала авторы Амантай Шәріп деген әдебиетші ғалым екен. Ол «дүние – бос» деу қателік, Абайдың айтқаны «дүние – дос»

қайдам, оппоненттер жағы дүние сөзін тек мал-мүлік деп қабылдап, біз айтқан екінші нұсқаны мүлдем қарастырмайды. Шындығында, «дүние дос» – дүние сыр-ын зерттеген ғалымдар, не болмаса дүние ісіне ғашық жандар. Олардың күллісін хайуанға қоссақ не болды?

Көріп отырсыздар, «дүние» сөзін көң мағынасында қарастырсақ, өлең жолының мағынасы да төңкеріліп түседі. Бұл жағдайда «дүние дос» деу қате екендігі алақанға салғандай анық нәрсе.

Сонымен, ұстазымыз Абай дүниеге ынтық пендені хайуан деген бе? Жоқ, олай



Абай:

“Махаббатсыз дүние – бос” деген!

деп дәлелдеп, тер тегіпті. Сондықтан жұртшылықты шатастырмай, яғни «әрі тарт, бері тарт» қылмай түпкі ақиқатты анықтау қажеттігі туындап отыр. Жаңағы мақаланы жіберген азаматтың өтініші де, міне, осы. Сөйтіп, мәселені шешуге атсалысқанды жөн санадым.

Алдымен аты күрделі мақала авторының пайымдарын талдап көрейік.

Кіріспе сөзінде: «Әдебиеттанушылар екіге жарылды, – дейді Амантай Шәріп. – Алғашқы топ «Махаббатсыз дүние дос» дегеннің дұрыстығына сан уәж келтірсе де, қарсы жақ оған дес бере қоймай – «Махаббатсыз дүние бос», екендігін дәлелдеуге тырысып бақты. Осы мәселеге, орысша айтқанда, «нүкте қолатын» уақыт жеткен секілді. Өйткені, «дос» пен «бос» арасын біржолата ажыратпайынша, шын Абайдан адасып қалатын түріміз бар».

Құрметті Амантай Шәріп, «шын Абайдан адасып қалатын түріміз бар» дегенің жөн-ақ, бірақ, «Әдебиеттанушылар екіге жарылды» деп шеңберді тым тарылтып жібергенсіз. Жалғыз әдебиетшілер емес, терең ой іздеген барлық қазақ қауымы «екіге жарылып» отыр. Абай – барша қазақтың рухани ұстазы. Хакімді әдебиет шеңберінде қарастыру – ескірген, кешегі келмеске кеткен кенестік жүйенің қағидасы.

Жә деп, негізгі мәселе – алға тартқан уәждеріңе көшейік. Сұлтанмахмұт Торайғыров 1912 жылы досына жазған өлеңінде «Дүние дос, махаббатсыз мал секілді» дегеніне сүйенген екенсің. Бұл сөзді 1987 жылы жарық көрген жинақтан тауып алып, жерден жеті қоян тапқандай қуаңғаның көрініп-ақ тұр. Бірақ, ол бұлтартпас мықты дерек бола ала ма? Әсте бола алмайды. Себебі, Сұлтанмахмұт ақынның 1993 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі томдық шығармалар жинағында әлгі жол «Дүние бос, махаббатсыз мал секілді» болып өзгертілген. Яғни, түзетілген! Түзетуді жинақты шығарушылар ақынның туысы Шаймәрден Торайғыровтың қолжазбасына иек артып жасаған. Сіз болсаңыз: «Осы «түзетудің» көкейге қонбайтынын жасырмаймыз» дейсіз. «Е, неге?» деген сауалдың қойыларын білгендіктен: «Абай «дүние досты» хайуанға қосса, Сұлтанмахмұт сол ізбенен малға теңеп отырғаны айдан анық емес пе?» деп қойып қаласыз.

Өз басым «айдан анық» дәнеңе де көре алмай отырмын. Абай «дүние» сөзін қандай мәнде қолданған? Мал-мүлік деген тар шеңбер ме, әлде «барша ғалам» деген кең мағына бар ма? Осыны анықтап алмай тұрып, «айдан анық» деуге келмейтін сияқты. Абай сараң байды, иманы әлсіз міскінді сынаған. «Дүние дос» тіркесін жақтаушылар осылай десіп бет қаратпайды. Бәлкім, «дүние» деген – барша ғалам шығар, Абай жүрегінде махаббат сезімі жоқ адамның өмірі мағынасыз, дүние қаңырап бос қалады деген ойды жеткізіп отырған болар. Неге екенін

емес, керісінше, жарық дүниеге дос болуға шақырады. Өйткені, дүниеден тыс не бар? Ештеңе де жоқ. Қандай да бір қарекет, пайдалы іс істеп қалса, дүниеге дос болуың шарт. Хадис: «Адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам» десе, Абай «Ғұмыр өзі – хақиқат» дей келе, әрі қарай былайша таратады: «...Адам баласына пайдалы іс шығармақшына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы... – баршасы пайдалы болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ» (38-сөз). Абай дүниеге достарды, яғни ғалымдарды айтып отыр. Бұл дәлел өтінбейтін ақиқат. Ғалымдар тұра тұрсын, жақсы хакімдердің де «ісінің көбі – дүние ісі» дейді Абай.

Сонымен, «дүние» сөзін данышпан қандай мағынада қолданған? Мұны анықтап алмай тұрып, «айдан анық» деп тұжырым жасасақ, Амантай Шәріпұлы, өзіңіз айтқандай, «шын Абайдан адасып қаламыз». Міне, Сіз Абайдың «дүние» дегені – мал-мүлік деп адасып қалдыңыз. Айтпақшы, сөзіңіз дәлеліне «Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас, Екеуі тап бірдей боп орныға алмас» деген Абай пайымын келтіресіз. Бұл тізгеге салу. Себебі, жалпысында «дүниеге досты» көпір қатарына қосу Абайға жат. Мына өлең өзегі – иманның тазалығы, яғни мұсылманның Алланы сезіну деңгейі. «Дүниеге ынтық бол, бірақ иманды ұмытпа!» деп ескертіп отыр. Фәнидің мінін көруге, ол үшін «телміріп терең ойдың соңына өруге» шақырады ұстаз. Сіздің ойлау жүйеңіз маған беймәлім, өз басым «дүниеге дос пенде – хайуан есепті» деген түсінікті көре алмадым. Ілкіде «дүние дос» тіркесі Абайда дүние сырына жүйріктер мен пайдалы істі тындыратындар деп айттық.

Әрі қарай үңілейік. Сіз: «Біздің ендігі сүйенетініміз – Жоғары Мәртебелі Түпнұсқа» депсіз (мақала соңында: «Біз үшін түпнұсқа Абай қымбатты» деп тағы қайталапсыз). Мәссаған! Абайда түпнұсқа сақталмаған, тек көшірмелер ғана бар емес пе. Егер түпнұсқа бар болатын болса, несіне бір ғасыр бойы Абай мәтінін түзетіп жүрміз? Мүрсейіт көшірмелерін, Абайдың 1909 жылғы тұңғыш жинағын, сондай-ақ, Абай замандастарының қолжазбаларын «түпнұсқа» деп жариялауыңыз қай сасқаныңыз. Көңіліңізге келсе де айтайын, бұлайша алдарқату, яғни түпнұсқа мен көшірмені бір санау – «ғылым докторы» деген атағы бар адамға жараспайды.

Абайдың терең ілімдеріне, өзі айтқан жұмбағына жетем деген кісіге зор теологиялық нем пәлсапалық дайындық керек. Мәтінтану үстінгі қабаты ғана. Сондықтан жазбаңызды: «Мәтінтанушы ғалымдарымыздың іргелі ізденісі, тиянақты тірлігі нәтижесінде Абай төңірегіндегі бір тар-тыстың түйіні тарқаған секілді» деп жел-піне түйіндеуіңізге қосыла алмаймын. Амантай мырзаның «кавер-версия»

деген «модный» сөзді кіріктіре отырып, Абайдың «Махаббатсыз дүние – бос» деген әйгілі афоризмін «түзетпек» үшін тер төккен мақаласына жасаған талдауымыз осымен тәмам.

Сөздің турасы керек, сөз болып отырған «түзету» – ғылымның талабы емес, ол – Абайдың жетілу, кемелдену эволюциясын жете білмегендіктің салдары. Сенсеңіз, абайтану ғылымы тығыраққа тірелуіне, яғни ұлы ақын әлі күнге кеңес дәуірі тұтқынында қалуына басты себепші осы аталған проблема!

Сондықтан Абай эволюциясына сәл де болса үңіле кетуге мәжбүрміз.

Өткен жылдың соңында Алматы қаласындағы «Лантар Трейд» баспасынан менің «Абай жетілуінің саты-сатылары» атты кітапшам жарық көрген еді. Ондағы зерттелген дүниелерге тәпештей тоқталып жатудың қажеті шамалы. Түйінін ғана айтайын. Еңбекте Абай жетілуінің (эволюциясының) екі үлкен сатысы бары анықталды. Бірінші саты – мәдени-ағартушылық (1884-1890 жж.), екіншісі – ой алыбы хакім болған саты (1891-1902 жж.). Ағартушылық сатысында Абай фәни өмірді танып-білді, сырына да қанықты, ең бастысы, өмірдің барша құбылыстарын классикалық өлеңдеріне арқау етті. Бұл көзек шығармашылығының жан-жақты, көп тақырыпты болуы содан.

Енді екінші сатыға келейік. Фәни өмірдің баянсыз, өткінші екендігіне көзі жеткен, қызықтарынан да жалыққан ой-шыл ақын 1891 жылдан жан әлемі сыр-ын ашуға ұмтылды. Өзі айтқандай, көңілі «шарқ ұрып, тыныштық бермей» іздеді. Бірақ бұл саты біркелкі емес. Оның ішкі үш баспалдағы бар. Олар: әуелгі ізденіс (1891-1893), кәміл мұсылман (1894-1898) және хакім болған (1899-1902). Әрине, әрбіріне дәлел алып, бөлек қарастырдық. Абай эволюциясын зерттеп-зерделегенде ең сенімді тірегіміз – ойшылдың төл шығармашылығы болғанын айта отырайық. Абай жетілуінің саты-сатыларын танып-білу методологиясы бізге не берді? Бүркеулі, ашылмай келген жайттар шамның жарығы түскендей ашықталды. Мысалға «жазылған жылы белгісіз» делінген онға тақау өлеңдер Абай өлеміндегі өз орнын тауып, кірпіш болып қаланды. Сол сияқты «адасып» жүрген өлеңдер де заңды орындарын тапты. Мәселен, әйгілі «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі «1889 жылғы» деу қателік, ол 1894 жылғы туынды. Неге? Себебі, адам болмысы, адамның үш қасиеті, пенделіктің көмелаты, иманның тазалығы, Құдай жолы, толық адам сияқты танымдар 1891 жылға дейінгі Абай өлеңдеріне тән емес. Кездеспейді. Ағартушылық сатысы дейтініміз сол.

Енді мақала тақырыбына қайтып оралайық. «Махаббатсыз дүние – дос» деп түзетуші қауымның басты уәжі – Абай бұл өлеңінде Құдай жолынан хабарсыз, иманы әлсіз адамды сынап, оны хайуанға

қосып отыр дегенге саяды. Абай эволюциясы тұрғысынан бұл уәж шындыққа жанаса алмайды. Оған жоғарыда айтылған қарсы уәждеріміз жеткілікті сияқты. Өйтсе де, күмән-күдік қалмауы үшін өлеңнің мәтінін толық келтіре кетейік.

Кейде есер көңіл құрғырың,
Махаббат іздеп талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас,
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат – өмір көркі, рас,
Өлген соң, ол да үндемес.

Махаббатсыз дүние – бос,
Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.

Жүрегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тынымас.
Пайда, мақтан бері – түл,
Доссыз ауыз тұшымас.

Өздеріңіз де көріп отырсыздар, өлең өзегі – әрбір адамға жақын жер бетіндегі сүйіспеншілік нем достық қарым-қатынас. Достық сезім – махаббаттың белгісі. Демек, соңғы жолда «Доссыз ауыз тұшымас» деуімен Абай «Махаббатсыз дүние – бос» деген негізгі ойын бекіте түскен. Кәне, өлеңде «адам баласы Аллаға ғашық болсын, егер оның махаббаты дүниеге ауса, онда хайуанға теңеледі» деген идея бар ма? Әрине, жоқ. Тағы бір ескертейін, 1890 жыл ойшыл ақын жантауы іліміне әлі кіріспеген кез (Абай эволюциясының саты-сатыларын жоғарыда айттық). Сондықтан өлеңдерінде кемел адам, хақ жолы, әулиелік сыр, сопылық сарын, иман тазалығы, Алла мен адамның қарым-қатынасы сияқты пәлсапалық, хакімдік танымдар өзирге жоқ. Мұны ескермеу соңы адасуға, өлең мағынасын бұрмалауға әкеп соғады. Осыған өлеңді зейін қойып оқыған әр адамның да көзі жетеді деген ойдамын.

Қорыта келгенде, «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңі – 45 жастағы фәни өмірдің сырына қанық Абайдың көңіл-күйінің айнасы. Өлеңдегі «Махаббатсыз дүние – бос» деген керемет афоризмді бұрмалауға қарсымын.

Қай жерде махаббат, мейірім, достық сезімдер азайса, керісінше, қатігездік пен әділетсіздік жайласа, онда жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның өмірі – мағынасыз, яғни «бос» болмақшы. Мына «қаңтар қақтығысы» біздерге осы ақиқаттың бетін тағы бір ашып, айқындап бергені шүбәсіз.

Асан ОМАРОВ,
зерттеуші